

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Үлгі-тәжірибелік орман көшеттігі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 тамыздағы N 843 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 221 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.04.2015 № 221 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Үлгі-тәжірибелік орман көшеттігі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Орман көшеттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні:

- 1) жерсіндірілген сүректі және бұталы тұқымдардың екпе көшеттері мен тікпе көшеттерінің кең тараған түрлерін өсіру және сату;
- 2) инновациялық жобаларды енгізу саласындағы ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу және енгізу;
- 3) отырғызу материалдарын өсірудің прогрессивті, ғылыми негізделген технологияларын, өндірісті кешенді механикаландыру негізінде қазіргі заманғы өнімділігі жоғары технологиялық құралдар мен машиналар жүйесін, машина-трактор паркін және басқа да энергетикалық жабдықты пайдаланудың неғұрлым жетілдірілген әдістерін енгізу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен:

- 1) Қоғамның жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне беруді;
- 3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 3 т а м ы з д а ғ ы

N 8 4 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акциялардың мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 25-1-жолмен толықтырылсын:

"25-1. "Орман көшеттігі" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 222-32-жолмен толықтырылсын:

"222-32. "Орман көшеттігі" АҚ".

4. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 40, 522-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген 1-бөлімдегі реттік нөмірі
77 - ж о л а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"Акционерлік қоғамдар" деген 3-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-
ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"3. Орман көшеттігі".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК